«Бекітілді» ____________
№29 «Нұрсая» бөбекжай – бақшасы
№ 1 педагогикалық кеңесте
28 тамыз 2019 жыл
Шешімі негізінде №50 бұйрық

# 2019-2020 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқу бағдарламасын іске асыру бойынша жылдық перспективалық жоспары

## Ортаңғы «Тұмар» тобы

## Ортаңғы топ «Өтпелі» тақырыптар

| № | Айлар | Тақырыптар | Апталық тақырыптары |
|---|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек | «Бәрі мен жайлы» | 1.Мен және менің тобым.<br>2.Мен және менің жақындарым.<br>3.Отбасылық дәстүрлер<br>4.Үлкендер еңбегі. |
| 2 | Қазан | «Өсімдіктер әлемі» | 1.Дала, бөлме гүлдері.<br>2.Аулада нелер өседі?<br>3.Аяғы бар қалпақтар.<br>4.Берекелі Алтын күз. |
| 3 | Қараша | «Табиғат әлемі « | 1.Ферма.<br>2.Құстар біздің досымыз.<br>3. Жабайы жануарлар әлемі.<br>4.Жануарлар қысқа қалай дайындалады? |
| 4 | Желтоқсан | «Менің Қазақстаным» | 1.Тарихқа саяхат<br>2. Ауыл мен қала.<br>3.Тәуелсіз Қазақстан.<br>4.Қызыл кітап |
| 5 | Қаңтар | «Дені саудың жаны сау» | 1. Дұрыс тамақтану. Дәрумендер.<br>2. Ғажайып қыс.<br>3.Күн, су, ауа.<br>4.Үйде жалғыз қалғанда. |
| 6 | Ақпан | «Бізді қоршаған әлем» | 1.Ұшады, жүзеді, жүреді. Жол ережелері.<br>2.Арнайы көліктер.<br>3.Электроника әлемі. Байланыс құралдары.<br>4.Заттардың қасиеті.(неден жасалғаны) |
| 7 | Наурыз | «Салттар мен фольклор» | 1.Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта.<br>2.Өнер көзі – халықта (қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары т.б)<br>3.Біздің салт – дәстүріміз.<br>4.Табиғат оянады. |
| 8 | Сәуір | «Біз еңбекқор баламыз» | 1.Көктемгі еңбек. (бақта, бақшадағы еңбек, гүлдер,)<br>2. Ас атасы нан.<br>3.Мамандықтың бәрі жақсы.<br>4. Біз жас зерттеушілерміз. |
| 9 | Мамыр | «Әрқашан күн сөнбесін!» | 1.Достық біздің тірегіміз (халықтар достығы).<br>2. Отан қорғаушылар (ҚР әскері).<br>3. Шөпте не жорғалайды? (жәндіктер, бауырымен жорғалаушылар)<br>4. Көңілді жаз. |

**Ортаңғы топ 2019 жыл қыркүйек айы**

**Өтпелі тақырып: «Бәрі мен жайлы»**

**Мақсаты:** Балалардың өзі туралы және өз отбасылары, олардың мейірімділігі мен жанашырлығы туралы әңгімелеуге талпындыру. Балалардың отбасына және туған үйіне деген махаббат сезімін тудыру. Өздеріне қоршаған ортадағы адамдармен, туыстармен жақсы қарым-қатынаста болу әрекеттерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

-Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;

- Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;

- Танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;

- Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;

- Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

| Апта | Тақырып | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5<br>Драма-0,5 | Таным<br>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | Шығармашылық<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5<br>Музыка-1,5 | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен таныстыру-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1 апта** | **Мен және менің тобым** | 1.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Балабақшада»**<br>**Мақсаты:**<br>Жаттығуларды орындау барысында бір-бірден тізбекпен және жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттықтыру. Шыдамдылыққа, ептілікке баулу. Еденге қолымен сүйеніп, шығыршықтың ішінен өту, тақтай бойымен жүру барысында тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Балабақшада»**<br>**Мақсаты:** Кішірейтілген тірек алаңы бойынша тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Алға жылжу арқылы екі аяқпен секіруге үйрету. Ойындарға және жаттығуларға оң көзқарасты және оларды қажетсіну дағдысын қалыптастыру. Кішкентай допты еденге ұрып және жоғары лақтыруға, оны қағып алуға үйрету<br>3.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Балабақшада»**<br>**Мақсаты:** Кішірейтілген тірек алаңы бойынша тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Алға жылжу арқылы екі аяқпен секіруге үйрету. Ойындарға және жаттығуларға оң көзқарасты және оларды қажетсіну дағдысын қалыптастыру. Кіщкентай допты еденге ұрып және жоғары лақтыруға, оны қағып алуға үйрету | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ бізге қонаққа келді»**<br>**Мақсаты:** Өзара жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға үйрету және өз тобымен таныстыру. Топтағы бөлмелермен жиһаздармен және ондағы заттармен таныстыру. Әдептілікке, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы:«Менің әжем» Қадыр мырза Әли (жаттау)<br>Мақсаты: Балаларға өлеңді тыңдата отырып,отбасы туралы,отбасында әженің тұлға екені және отбасы мүшелерінің орны ерекше екені туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңнің мазмұнын тыңдап,оны жаттай білуге үйрете отырып,адамдық қасиеттерге тәрбиелеу. Есте сақтау, ойлау қабілетін жетілдіру. Кішіпейілдікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Менің тобым»**<br>**Мақсаты:** Заттарды санына қарай салыстырып, санаудың дұрыс тәсілдерін пайдалану. Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші) салыстыру, оларды осы белгілеріне қарай топтастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Терезе алдындағы бақша»**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктерді бөлме жағдайында өсіру туралы түсініктерін жүйелеу. Қарапайым дербес тәжірбие іс – әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Бақылау үдерісінде экологиялық ой – пайымдауларын тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Үй тұрғызамыз»**<br>**Мақсаты:** Көп қабатты үйлер мен ғимараттар туралы балалардың білімдерін кеңейтіп,педагогтың ұсынған шарты бойынша құрастыру-ға, құрылыс материалдарын таңдай отырып көп қабатты үй құрастыра білуге үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Фикус суретін салу»**<br>**Мақсаты:** Табиғат бұрышындағы бөлме гүлдерімен таныстыра отырып, олардың суретін салуға үйрету. Фикус өсімдігіммен таныстыру.Ұ қыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Доп»**<br>**Мақсаты:** допты екі алақан арасында домалата отырып жасауға үйрету, ұсақ саусақ бұлшық еттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біз көңілді қуыршақ».**<br>**Мақсаты:** Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. | **Экология негіздері**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі ойыншық түрлерімен таныстыру; заттардың қасиетін меңгерту; зерттеу әрекетіне қызығушылықтарын ояту;сөздік қорларын дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2 апта** | **Мен және менің жақындарым** | 1.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Әкем,шешем және мен бақытты жанұя»**<br>**Мақсаты:**Орнында тұрып ұзындыққа секіруге үйрету. Балаларға көшеде ойнауға болатын бірнеше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету. Допты жоғары лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Әкем,шешем және мен бақытты жанұя»**<br>**Мақсаты:**Тепе-теңдікті ұстауға жаттықтыру. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету, балалардың зейінін дамыту. Бірлікке баулу.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Әкем,шешем және мен бақытты жанұя»**<br>**Мақсаты:**Тепе-теңдікті ұстауға жаттықтыру. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету, балалардың зейінін дамыту. Бірлікке баулу | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Отбасы»**<br>**Мақсаты:**Отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету.Өз отбасы жайлы әңгімеле барысында сөздік қорларын толықтыру,есте сақтау қабілеттерін арттыру.Балаларды үлкенді сыйлауға,кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.«Менің жанұям» атты саусақ жаттығуын жасау.<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Кел, танысайық»**<br>**Мақсаты:** Қарым-қатынас әдебінің қарапайым нормаларын меңгерту,сөз байлығын,сөйлеу дағдыларын жетілдіру,өзіне деген сенімділікті,басқалардың пікірін тыңдай білу,сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айту, диалогты сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыру, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Я и моя группа»**<br>**Мақсаты:** Учить детей рассказывать о своем детском саде на трех языках. Правильно называть наименования помещений. Воспитывать любовь к своему детскому саду. Умение рассказывать о своей группе, о воспитателе, о друзьях. Расширять словарный запас детей названиями предметов ближайшего окружения (**кукла, коляска, мяч, скакалка, стол, стулья**) | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Біз нешеуміз?»**<br>**Мақсаты:**Санау тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды санауды үйрету (4 көлеміндегі сандар), үлгі бойынша санау, екі топтаға заттар арасындағы теңдікті анықтау, жыл мезгілі туралы білімін күшейту (күз), заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыдан сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру, қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жау, жау, жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауымен шығармашылық қиялын дамыту. Білімге құштарлықты, танымдық белсенділікті тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Бұлт пен жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту, дәстүрден тыс әдісті пайдалана отырып, суреті қағаз бетіне дұрыс орналастыра салуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Әженің орамалын сәндейміз»**<br>**Мақсаты:** Балалардың әже туралы түсініктерін бекіту. Қазақ ою-өрнегімен таныстыра отырып, элементтерімен орамалды өрнектеуге үйрету. Желіммен жұмыстануда ұқыптылыққа тәрбиелеу. Саусақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Бір-біріне кедергі жасамауға, достыққа тәрбиелеу.<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біздің атай».**<br>**Мақсаты:** Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды әнмен отбасы мүшелеріне жеткізе білуді үйрету, әнді ынтамен айтуға баулу.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біздің атай».**<br>**Мақсаты:** Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды әнмен отбасы мүшелеріне жеткізе білуді үйрету, әнді ынтамен айтуға баулу. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **3-апта** | **Отбасылық дәстүрлер** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Біз тату отбасы»**<br>**Мақсаты:** Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруды үйрету. Ептілік, күш, шапшаңдық сияқты қасиеттерді дамыту. Қапшықты алысқа лақтыруға жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Біз тату отбасы»**<br>**Мақсаты:** Бөрене үстінде жүруді үйрету. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Доп лақтыру және допты екі қолмен қағып алу дағдыларын дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Біз тату отбасы»**<br>**Мақсаты:** Бөрене үстінде жүруді үйрету. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Доп лақтыру және допты екі қолмен қағып алу дағдыларын дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Біздің үйде мереке»**<br>**Мақсаты:** Отбасының ересек және кіші мүшелеріне сыйластықпен және қамқорлықпен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Отбасындағы сүйікті адамдары,отбасылық мерекелері, дәстүрлі туралы өздігінен әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Не деу керек?»**<br>**Мақсаты:** Өлеңді түсініп,есте сақтауға үйрету.Балаларды имандылыққа,кішіпейілдікке тәрбиелеу. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Дастархан басында»**<br>**Мақсаты:** Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Заттарды санау қабілетін күшейту (5 саны көлемінде) , заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруды жалғастыру, осы сөздерді сөйлеу барасында қолданамыз. Заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыру. Геометриялық фигура- шаршы туралы түсінікті нығайту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Мол өнім»**<br>**Мақсаты:** Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқор қарым – қатынасты тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Үйшік»**<br>**Мақсаты:** үйшік құрастыру арқылы үйшіктің бір және бірнеше бөліктерден тұратынын түсіндіру, таныстыру. Қағаздан үйшікті құрастыра білуге үйрету,ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Ыдыстағы алмалар»**<br>**Мақсаты:** алманың суретін саусақпен сала білуге үйрету. Ыдыстағы алманың пішініне, ерекшелігіне көңіл бөліп, әдемі бояуға жаттықтыру. Құралдарды дұрыс пайдалануға,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған кәмпиттер»**<br>**Мақсаты:**Балаларға сопақша, дөңгелек пішінді мүсіндеуді, көлемдерін ажыратуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Тату доспыз бәріміз»**<br>**Мақсаты:** Балаларды достыққа бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ бізге қонаққа келді»**<br>**Мақсаты:**Балаларға келген қонаққа қошемет көрсете отырып, үлкенді сыйлап құрметтеуге үйрету. Достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **4-апта** | **Үлкендердің еңбегі** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз көмекшілерміз»**<br>**Мақсаты:**Балаларды допты екі қолмен қағып алуға үйрету. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Допты еденге ұру дағдыларын дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз көмекшілерміз»**<br>**Мақсаты:**Жан-жаққа шашырап жүру және жүгіру түрлерін үйрету. Ептілік және жылдамдық тәрізді қасиеттерді дамыту. Допты бір-біріне домалату дағдыларын бекіту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз көмекшілерміз»**<br>**Мақсаты:**Жан-жаққа шашырап жүру және жүгіру түрлерін үйрету. Ептілік және жылдамдық тәрізді қасиеттерді дамыту. Допты бір-біріне домалату дағдыларын бекіту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Серуенде (өз тәжірбиелерінен» (әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Балаларға үлкендердің еңбегі, олардың мамандықтар туралы айтып түсіндіру. Сурет бойынша байланыстырып әңгімелеуге үйрете отырып, сөздік қорларын дамыту. Үлкендердің еңбегін мақтан тұтуға тәрбиелеу.<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Актер деген кім?»**<br>**Мақсаты:** Актер туралы түсінік беру,сөздік қорын,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілетін дамыту,мимика,ым-ишараларды қолданып кейіпкер бейнесін жасауды үйрету, шығармашылыққа, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Наши семейные традиции»**<br>**Мақсаты:** Умение рассказывать о своей семье,о близких, правильно произносить эти слова (мама,папа, бабушка, дедушка, брат, сестра, дядя, тетя). Рассказать детям о праздниках которых отмечают в семье (день рождение, новый год,вечерняя прогулка, спортивные игры, пикники на природе)Научить детей правильно выражать свою мысль, умение конструировать предложение. Воспитывать любовь и уважение к членам семьи. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай көмекшілер»**<br>**Мақсаты:** Заттарды санына қарай үйретуді жалғастыру. Екі топтағы заттарды санап, саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу дағдысын үйрету. Балаларға тәулік бөліктері туралы және заттардың орналасу ретін түсіндіру. (сол жағында, ортасында, оң жағында)<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай достарымыз»**<br>**Мақсаты:** Адамдардың қамқорлығына өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жауарларына күтім жасай білу дағдыларын қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Күшікке арналған үйшік»**<br>**Мақсаты:** түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түстерін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Тәрелкедегі алмалар»**<br>**Мақсаты:** Сызық бойымен қиюға үйрете отырып,оларды қағаз бетіне дұрыс орналастырып, жапсыруға үйрету.<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету | |

**Ортаңғы топ 2019 жыл қазан айы**

**Өтпелі тақырып: «Өсімдіктер әлемі»**

**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктер және олардың пайдасы туралы тереңірек түсінік бере отырып, өсімдіктердің түр – түсін ажыратуға, соның ішінде олардың жеке – жеке атын атап үйрету.

**Міндеттері:**

- Өсімдіктердің өсу жолын көрсетіп, түсіндіру;

- Білімдерін жүйелі түрде көресете алуға баулу,

-есте сақтау қабілетін, сөйлеу мәнерін дамыту;

-балалардың көргендерін өз бетінше айтуға үйрету;

-қиялын дамытып, қабілеттерін шыңдау;

-Өсімдіктерді күтіп – баптауға, әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу;

| Апта | Тақырып | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5<br>Драма-0,5 | Таным<br>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру -1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | Шығармашылық<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5<br>Музыка-1,5 | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен таныстыру-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-апта | Дала, бөлме гүлдері | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз кішкентай гүлдерміз»**<br>**Мақсаты:**Қапшықты нысанаға дәлдеп лақтыруға үйрету және көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту. Ұжым болып ойнауға тәрбиелеу. Гимнастикалық қабырға арқылы өрмелеуге жаттықтыру<br>**Тақырыбы: «Біз кішкентай гүлдерміз»**<br>**Мақсаты:**Балаларды топта физиологиялық ерекшеліктеріне қарай ойнауға үйрету. Баланы көздеген мақсатына жету үшін қалай әрекет етуге үйрету. Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейту және тереңдету.<br>**Тақырыбы: «Біз кішкентай гүлдерміз»**<br>**Мақсаты:**Балаларды топта физиологиялық ерекшеліктеріне қарай ойнауға үйрету. Баланы көздеген мақсатына жету үшін қалай әрекет етуге үйрету. Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейту және тереңдету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» М.Төрежанов**<br>**Мақсаты:** Мәтіннің мән мағынасын бұзбай байланыстырып, сөйлеу арқылы әңгіме айтып беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: **«Күзде»**<br>**Мақсаты:** Күз мезгілі туралы түсінік беру.Өлеңді тыңдап,өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Гүлдерді санайық»**<br>**Мақсаты:** Математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сәйкес отырып шешуге үйрету. 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру. Үлгіні пайдалана отырып, 1 цифрын салыстыруды үйрету. Өзге сандарды арасынан 1 цифрын табу. Заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білу дағдыларын бекіту (оң жақта, сол жақта, ортасында) Геометриялық фигуралардың орналасу ретін түсіндіру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері»**<br>**Мақсаты:** Бөлме өсімдіктерінің түрлерін ажырату және атай білуге үйрету. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын, заттарды салыстыра білу дағдыларын дамыту. Балалар ұжымда достық қарым – қатынасты тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Әдемі гүл»**<br>**Мақсаты:** балаларға шаршы қағаздарды қиғаш және тең екі бөлікке бүктеуді үйрету. Олардың қолданылуы туралы түсінік беру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, саусақтарының икемділіктерін арттыру, гүлдер туралы білімдерін толықтыру, ағаштарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Кактус»**<br>**Мақсаты:** Дәстүрден тыс әдісті пайдалана отырып,кактустың суретін салуға үйрету, жұмысын толықтай аяқтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Әдемі гүл»**<br>**Мақсаты:**ермексаздың жасыл түсін домалақтап,алақанмен есіп,сопақша пішін жасап,созу әдісі арқылы жапырақтар жасау және құмыраға отырғызу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Күз байлығы»**<br>**Мақсаты:** Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. | **1.Экология негіздері**<br>**Тақырыбы: «Өсімдіктер патшалығы»**<br>**Мақсаты:**балаларға табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттілігі мен өсіп дамуының байланысын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2-апта** | **Аулада нелер өседі?** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ақ гүлдер,көп гүлдер»**<br>**Мақсаты:** Қ. Мырза Әлидің аудармасы бойынша жазылған «Шыбынбике-Шыбынгүл» ертегі-өлеңін үзінді жаттау. Адамгершілік қасиеттерін дамыту. Арқан арқылы секіруге жаттықтыру;  өз-өзін уқалауға жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ақ гүлдер,көп гүлдер»**<br>**Мақсаты:** Бір-біріне кеуде тұсынан допты лақтыруды үйрету.  Шапшаңдық және ептілік тәрізді қасиеттерді дамыту. Басына қапшықты қойып, жерде созылып жатқан жіптің үстімен қолды әртүрлі қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ақ гүлдер,көп гүлдер»**<br>**Мақсаты:** Бір-біріне кеуде тұсынан допты лақтыруды үйрету.  Шапшаңдық және ептілік тәрізді қасиеттерді дамыту. Басына қапшықты қойып, жерде созылып жатқан жіптің үстімен қолды әртүрлі қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Балабақша ауласына серуен»**<br>**Мақсаты:** серуенге шығып, көргендерін әңгімелету арқылы сөздік қорын жалпылаушы мағынаны сөздермен дамыту.<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Шалқан» ертегісін әңгімелеп айтып беру.**<br>**Мақсаты:** Балалардың ертегілер туралы түсініктерін кеңейту. Күз мезгіліндегі адамдардың еңбегі туралы түсінік беру. Ертегіні оқу арқылы мазмұнын түсінуге үйрету.  Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып, ертегіні өз беттерімен айтуға үйрету. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Цветы дома в саду»**<br>**Цель:** Ознакомить детей с домашними цветами и цветами, которые цветут в саду. Пополнить словарный запас :комнатные цветы (герань, роза, бегония,  каланхоэ, орхидея). Садовые цветы (астра, тюльпан садовый, лилия, роза, ромашка, ирис, герань).  Привить любовь к окружающей среде, воспитывать познавательный интерес. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Үлкен-кіші ағаштар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың 1 цифры туралы білімін  нығайту.  Цифрды заттың санымен  сәйкестендіруге үйрету. Жұмбақты көрген мәліметтерге  сүйене отырып шешуге  үйрету.  Таныс заттарды көлеміне қарай ( үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруға , заттарды  сол  белгілері бойынша  біріктіруге үйрету.  Үшбұрыш туралы  білімін  нығайту, оны  өзге фигуралардың  арасынан табуды үйрету. Үшбұрыштың  көлемін жағынан  әртүрлі болатынын  түсіндіру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ағаштар мен бұталар»**<br>**Мақсаты:** Табиғаттың жанды нысандары туралы түсініктерін жүйелеу. Балабақша аумағындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді ажырата білуге дамыту. | **Сурет  салу**<br>**Тақырыбы: «Ауладағы күзгі ағаш»**<br>**Мақсаты:** күздің түстері туралы ұғымды бекіту. Қылқаламның қылдарын түгел ілгізу жолымен күзгі ағаштың басын салуды үйрету. Балаларды жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Шыныдағы қияр мен қызанақ»**<br>**Мақсаты:** Көкөністің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру; көкөніс түрлері туралы білімдерін кеңейту. Бұрыштарын қайырып, шаршыдан шеңбер, тіктөртбұрыштан сопақ пішінді қиюды үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Жомарт күз»**<br>**Мақсаты:** Шығарманы тыңдау арқылы эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Жомарт күз»**<br>**Мақсаты:** Шығарманы тыңдау арқылы эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3-апта | Аяғы бар қалпақтар | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Үлкен кіші саңырауқұлақтар»**<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары және үй құстарымен таныстыру; жануарлардың қимылдарын салып, жаттығуларды орындау. Жылдамдық, ептілік және күштілік қасиеттерін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату арқылы балалардың зейіндерін дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Үлкен кіші саңырауқұлақтар»**<br>**Мақсаты:** Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап жүруге және жүгіруге үйрету. Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру; заттар арасымен еңбектеп жүруге жаттықтыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Үлкен кіші саңырауқұлақтар»**<br>**Мақсаты:** Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап жүруге және жүгіруге үйрету. Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру; заттар арасымен еңбектеп жүруге жаттықтыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Саңырауқұлақ саясында» ертегі**<br>**Мақсаты:** ұсынылған ертегі мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап бере отырып байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ертегіге деген қызықушылықтарын арттыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Жапырақтар» өлеңі жаттау Т.Молдағалиев**<br>**Мақсаты:** Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін нығайта отырып,өлеңді жатқа, эмоционалды, мәнерлеп айта білуге үйрету | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «2 цифры және санымен танысу»**<br>**Мақсаты:** 2 саны және цифрымен таныстырып, жазып үйренуге дағдыландыру. Балаларға «кеше», «бүгін», «ертең» түсініктерін айыра білуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Аяғы бар қалпақтар»**<br>**Мақсаты :** Саңырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырату және атай білу дағдысын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым – қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай саңырауқұлақ»**<br>**Мақсаты:** Күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Балаларды табиғи материалдарды дұрыс пайдаланып, саңырауқұлақты құрастыра білуге үйрету, ұқыпты жұмыс жасау жолдарын қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Тиінге арналған саңырауқұлақ»**<br>**Мақсаты:** балаларды саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру. Саңырауқұлақ суретін салуға үйрету. Іс-әрекетке деген қызығшылықтарын дамыту. Қажетті түс алуда субояқты араластыру іскерлігін арттыру. Ептілікке, қоршаған ортаның әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Үлкен, кіші саңырауқұлақтар»**<br>**Мақсаты:** Балалардан ермексаздан тиісті пішінді бере білу іскерлігін бекіту. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Балаларды жақсы нәтижеге ұмтылыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Күзгі орман»**<br>**Мақсаты:** Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарлығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қаблетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька,вальс) түсініктер қалыптастыру | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Орманшыда қонақта»**<br>**Мақсаты:** Орманшының еңбегімен олардың қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Түрлі мамандық иелері болатынын туралы білім беру. Еңбек адамдарына деген сыйластықты тәрбиелеу. Өсімдіктер мен жануарладың тіршілігі және олардың өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларын туғызу қажеттілігі туралы нақты ұғымдарын қалыптастыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **4-апта** | **Берекелі Алтын күз** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Алуан алуан жапырақ»**<br>**Мақсаты:** Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Көлбеу қойылған баспалдаққа міну арқылы білте таяқшаны дұрыс ұстауға үйрету; кесек ағаштан аттап жүруге үйрету(ауыспалы қадам).<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Алуан алуан жапырақ»**<br>**Мақсаты:** Технологиялық картадан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету. Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Алуан алуан жапырақ»**<br>**Мақсаты:** Технологиялық картадан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету. Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Ойын ережелерін сақтауға үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Алтын күз» (сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** сурет бойынша әңгіме құрастыру және әңгімені кері айтып беруге үйрету, қойылған сұрақтарға толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру.<br>. **Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Грибы»**<br>**Мақсаты:** Учить детей различать грибы и ягоды. Совершенствовать умение детей связно рассказывать по теме. Развивать интерес детей познавать окружающий мир. Пополнить словарный запас детей **(грибы: сыроежки, маслята, опята).** Воспитывать любовь к природе.<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Жабайы алма»**<br>**Мақсаты:** Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой – өрісін, дүниетанымын жетілдіру, баланың қиялын, есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту. Өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыру, достыққа, татулыққа тәрбиелеу. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»**<br>**Мақсаты:** 2 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету. Жұмбақты көрген мәліметтер негізінде шешу жолдарын үйрету. 1, 2, 3 цифрларын заттың санымен салыстыруды әрі қарай жалғастыру, «алыс», «жақын» ұғымдарын мағына жағынан айыра білуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Алтын күз келді»**<br>**Мақсаты:** Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райының жайын, бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. Құрдастарына достық қарым – қатынасты тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Тәтті сәбіздер»**<br>**Мақсаты:** Сәбіздің суретін сала білуге үйрту. Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге үйрету. Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Түрлі-түсті жапырақтар»**<br>**Мақсаты:** сызылған сызық бойынша түрлі-түсті жапырақтарды қағаздан қиюға үйрету. Қағаз бетіне дұрыс орналастыруға дағдыландыру, құндылыққа тәрбиелеу<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын түсініп,эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру. Табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруға үйрету. Диксияның тазалығына әнді анық айтуға.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын түсі-ніп,эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру. Табиғат құбылысын музы-камен байланыстыруға үйрету. Диксияның тазалығына әнді анық айтуға. | |

**Ортаңғы топ 2019 жыл қараша айы**

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:** Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

**Міндеттері:**

-Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;

-Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;

-Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;

-Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;

-Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру;

| Апта | Тақырып | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5<br>Драма-0,5 | Таным<br>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | Шығармашылық<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5<br>Музыка-1,5 | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен таныстыру-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| I апта | Ферма | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Фермадағы төлдер»**<br>**Мақсаты:** Бірқалыпты (баяу) жартылай отыруды және жеңіл секірулерді үйрету. Белгіге жауап беру білігін дамыту. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді үйрету, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Фермадағы төлдер»**<br>**Мақсаты:** Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл-әрекеттердің үйлесімділігін дамыту. Ұжым болып әрекет етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Фермадағы төлдер»**<br>**Мақсаты:** Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл-әрекеттердің үйлесімділігін дамыту. Ұжым болып әрекет еруге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Жібек әжеде қонақтамыз»**<br>**(үлгі әңгіме құрау)**<br>**Мақсаты:** балаларды үлгі бойынша әңгіме құруға, зат есіміне қандай анықтауышты үйлестіруге болатынын көрсету. өз ойымен байланыстырып әңгіме құрауға үйрету.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «С.Көбеев Құстың ұясы»**<br>**Мақсаты:** Өлеңді көрнекі құралдар көмегінсіз жатқа айтуға, оның дауыс ырғағымен мәнерлеп оқуға үйрету. Балаларды шығарма мазмұнын өз іс тәжірибесімен салыстыра отырып, өзінің күнделікті өмірі мен және қоршаған ортамен байланыстыра білуге үйрету, балаларды мейірімділікті жануарларға, құстарға қамқорлық қатынасты білдіруге талаптандыруды жалғастыру. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Фермада»**<br>**Мақсаты:** Математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету. 3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде таныстыру. Нүктелерді қосып, 3 цифрын салуды үйрету. Өзге цифрлардың арасынан 3 санын табу. 1,2,3 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау. «Кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті үй жануарларым.»**<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары (қой, ешкі, жылқы, түйе, сиыр, есек, шошқа, ит, мысық) туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру Жануарлар немен қоректенетіні, қалай қозғалатыны, қалай дыбыс шығаратыны туралы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:«Құстарға арналған жемсауыт»**<br>**Мақсаты:** Балаларды құстарға қамқорлауға тәрбиелеу, оларға арналған әртүрлі жемсауыттарды бірлесе отырып жасауға үйрету, достыққа, адмгершілікке тәрбиелеу | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Мені қызықтыратын жануарлар»**<br>**( өз қалауымен)**<br>**Мақсаты:** Үй жануарларымен таныстыруды жалғастыра отырып, өз қалауымен сурет салуда ой-қиялдарын дамыту.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Бұйра тоқтылар»**<br>**Мақсаты:** үй жануарлары-қой туралы білімдерін кеңейту, ермексазды езу,домалақтау арқылы тоқтының жүндерін жасау тәсілін үйрету. Қиялмен шығармашылық ойын дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Үй жануарлары»**<br>**Мақсаты:** Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлігін түсініп ажырату. Әннің ырғағын сақтау. | **Экология негіздері**<br>**Тақырыбы: «Ферманың кішентай тұрғындары**<br>**Мақсаты:** Жануарлардың тіршілігіне қорек, ауа,су жылу керектігі туралы ұғым беру. Ересектердің жануарлар мен құстарға жасаған қамқорлығы туралы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ІІ апта** | **Құстар біздің досымыз** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Құстар ағаш қорғайды»**<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбектеп жүруге үйрету. Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. Көлбеу жазықтықтың үстінде жүруге үйрету<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Құстар ағаш қорғайды»**<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен құм толтырылған қалташаны алысқа дұрыс лақтыру дағдыларын дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Құстар ағаш қорғайды»**<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен құм толтырылған қалташаны алысқа дұрыс лақтыру дағдыларын дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз» (әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Құстар туралы толық мағлұмат бере отырып, оларды қамқорлауға тәрбиелеу.<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Бір қазан сүт»**<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерінің ерекшеліктерін ажырата білуге, көркем сөйлеуге үйрету, балалардың дауыс ырғағын қадағалау сахналау барысында кейіпкердің бейнесіне еніп, олардың мінез – құлқын келтіру. Ертегіні есте сақтауға, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Ферма»**<br>**Мақсаты:**Расширять и активизировать словарный запас словами (**ферма, корова, лошадь, овцы, коза, верблюд**). Развивать интерес познавать окружающий мир. Сформировать представление о домашних животных и особенности ухода за ними. Учить называть их на русском языке. Воспитывать любовь к животным. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Құстарға қамқорлық»**<br>**Мақсаты:** 3 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру. 1,2,3 цифрларын жазу дағдыларын нығайту. Таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау. Бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінің дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Құсқананы мекендеушілер»**<br>**Мақсаты:** Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Тотықұс»**<br>**Мақсаты:** Дайын қалыпты айналдыра сыза білуге үйрету, түрлі түсті пайдалана отырып әдемілеуге үйрету,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Құсқа арналған ұя»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі геометриялық пішіндерден бүтін затты құрастыра отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыра жапсыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Құстар даусы»**<br>**Мақсаты:** Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру,музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Құстар даусы»**<br>**Мақсаты:** Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **III апта** | **Жабайы жануарлар әлемі** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Зообаққа саяхат»**<br>**Мақсаты:** Нұсқаушының белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру және жүгіруге жаттықтыру: «Сылдырмақтар» ойынының шартын түсіндіру. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Еңбектеуге және еденде қырымен тұрған баспалдақ таяқшаларының арасынан еңбектеп өтуге жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Зообаққа саяхат»**<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту. Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. Қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Зообаққа саяхат»**<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту. Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. Қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Жабайы аңдар (сурет бойынша әңгімелеу)»**<br>**Мақсаты:** Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, олардың тіршілігін сипаттап, аттарын айтып, сөздік қорын байыту, оларды қорғауға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Айлакер түлкі» (орыс халық ертегісі)**<br>**Мақсаты:** Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым – қатынас әлемімен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (қу түлкі, аңқау адам ) сипаттама бере білуге үйрету. Көркем сөйлеу және орындау қабілеттерін дамыту. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Зообақта»**<br>**Мақсаты:** Математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету. Заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету. Екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу. Заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту. Таныс заттарды еніне қарай (кең, тар) салыстыру қабілетін ұштау. Тіктөртбұрыш туралы білімін ұштау, оны өзге геометриялық фигуралар арасынан табу. Тіктөртбұрыштың көлеміне қарай әртүрлі болатынын түсіндіру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жабайы жануарлар»**<br>**Мақсаты:** Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін қалыптастыру. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Тіршілік иелеріне ізгі қарым – қатынасты тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Орман аңдары»**<br>**Мақсаты:** Табиғи және құнсыз материалдардан құрылыс салуға үйретуді жалғастыру. Негізгі пішінге бөлшектерді жапсыруды, шығарманы қатты қағаздан орындауды, шығармашылық көзқарасты, қиялдауды дамыту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қоян»**<br>**Мақсаты:** Жануарлар суретін, тұлғасының горизанталды қалпын денесінің мүшелерінің құрылымын көрсетіп, салуға үйрету.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Кірпі»**<br>**Мақсаты:** Балалардан ермексаздан тиісті пішінді бере білу іскерлігін бекіту. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.Балаларды жақсы нәтижеге ұмтылыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Орманға саяхат»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: нәзік,сабырлы,көңілді де ойнақы,көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Орман тұрғындарына көмектесеміз»**<br>**Мақсаты:** Жануарлар әлеміне деген қызығушылықтарын дамыту, тірі табиғи нысандарымен табиғат туралы өзіндік әсерлерін жеткізе білуін қалыптастыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| IY апта | Жануарлар қысқа қалай дайындалады? | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай қошақандар»**<br>**Мақсаты:** Көлденең қойылған нысанаға затты лақтыруды үйрету. Балаларды зерек болуға және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету. Бір орында тұрып, ұзындыққа секіруге үйрету; көзбен мөлшерлей білу дағдысын және қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамытуға ықпал ету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай қошақандар»**<br>**Мақсаты:** Бір орында тұрып секіруге жаттықтыру. Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді қайталау.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай қошақандар»**<br>**Мақсаты:** Бір орында тұрып секіруге жаттықтыру. Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді қайталау. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қысқа аңдар қалай дайындалады?» (қысқа сюжеттік әңгіме құрастыру)**<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің сұрақтары бойынша сөйлем құрастыруға үйрету. Қимыл – әрекетті білдіретін етістіктерді тыңдауды үйрету.<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады? (театрландырылған ойын)»**<br>**Мақсаты:** Театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту; сөздік қорларын байыту, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу; шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету; балаларды татулыққа, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Мир диких животных»**<br>**Мақсаты:** Расширить словарный запас детей словами, обозначающими названия диких животных: **лев, тигр, заяц, хитрая лиса, косолапый медведь.** Развивать словесно-логическое мышление, внимание. Воспитывать любовь к животным. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Ненің азығы?»**<br>**Мақсаты:** Заттар шеңбердің немесе шаршының ішіне орналастырылған жағдайда екі топтағы заттарды теңестіруді үйрету. Заттарды үлгі бойынша санап шығуға үйрету. Әр түрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету. Заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білуге үйретуді , баланың зейінің дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жануарлар қысқа қалай дайындалады?»**<br>**Мақсаты:** Орман жануарларының тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Жабайы жануарлардың қысқа дайындықтарымен танысу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Ормандағы аю»**<br>**Мақсаты:** Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Түлкі – түлкі, түлкішек»**<br>**Мақсаты**: Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту. Геометриялық пішіндерден түлкінің мүсінін жасауға үйрету. Аппликацияда бірнеше бөліктерден бейнелерді суреттеу. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қыс қызығы»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге,әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету қыс көріністерін қимыл қозғалыспен бейнелей білуге баулу.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қыс қызығы»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай,дұрыс айтуға үйрету қыс көріністерін қимыл қозғалыспен бейнелей білуге баулу | |

**Ортаңғы топ 2019 жыл желтоқсан айы**

**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

**Мақсаты:** Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

**Міндеттері:**

- Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру  және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;

-Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;

-Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;

-«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу;

| Апта | Тақыры | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5<br>Драма-0,5 | Таным<br>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | Шығармашылық<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5<br>Музыка-1,5 | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен танысу-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I апта** | **Тарихқа саяхат** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Мұражайға барамыз»**<br>**Мақсаты**: Еңбектеу мен доғаның астынан өтуді кезектестіріп орындауды үйрету; бір орында тұрып, ұзындыққа секіруді жетілдіру. Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам жауап беруге үйрету. Көлденең тұрған нысанаға затты лақтырып жаттықтыру<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Мұражайға барамыз»**<br>**Мақсаты**: Оң және сол қолмен көлденең қойылған нысанаға лақтыруға жаттықтыру. көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту, нысанаға тигізуге үйрету. Бір -бірлеп тізбекте жүру білігін және жүгіру дағдысын бекіту; бір орыннан ұзындыққа секіруді жетілдіру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Мұражайға барамыз»**<br>**Мақсаты**: Оң және сол қолмен көлденең қойылған нысанаға лақтыруға жаттықтыру. көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту, нысанаға тигізуге үйрету. Бір -бірлеп тізбекте жүру білігін және жүгіру дағдысын бекіту; бір орыннан ұзындыққа секіруді жетілдіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Менің Қазақстаным»**<br>**Мақсаты**: балаларға жаңа тақырып бойынша түсінік беру, өз отаны туралы білуге деген құштарлығын ояту. «Мен Қазақстанда тұрамын», «Мынау-Астана қаласы» деген сөйлемдерді айта алуға үйрету. Отанын, туған жерін сүюге тәрбиелеу;<br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Менің сүйікті қалам, ауылым»<br>Мақсаты: Балалардың қала, ауыл туралы түсініктерін тиянақтау. Сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін дамыту, саяхат жасау арқылы қаланың көрнекті жерлерімен таныстыру. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Мұражайда»**<br>**Мақсаты:**математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешу, 4 цифрын 4 санының таңбасы ретінде таныстыру; нүкте бойымен 4 цифрын бастырып салуды үйрету; өзге цифрлардың арасынан 4санын табу;«үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету ;көру арқылы есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал ету;әртүрлі көлемдегі заттар тобының саны тең және тең еместігін көре білуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Менің елім Қазақстан»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп беруге үйрету. Отанына, оның өткені мен бүгініне қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру;<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Көп қабатты үйлер»**<br>**Мақсаты:** Үй құрастыру арқылы үйдің бір және бірнеше қабатты түрлерімен және олардың бөліктерімен таныстыру, құрылыс материалдарынан үйді құрастыра білуге үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу; | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Достық алақаны»**<br>**Мақсаты:** Алақанның таңбасын адамдардың достық белгісіне айналдыруға үйрету. Сурет салуда дәстүрден тыс тәсілдерді қолдану. Ұжыммен жұмыс жасауға үйрету. Қиял-елесін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Бәйтерек»**<br>**Мақсаты:** Балаларға мүсіндеу әдіс – тәсілдерін меңгерте отырып, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. Мүсінделген бейнеге сипаттама беріп ой – қиялдарын дамыту. Құрылымдық тәсілмен бәйтерек сомдауды үйрету. Жұмсарту, есу, домалақтау, шымшып созу әдіс – тәсілдерін орындау дағдыларын меңгерту Ұқыптылықпен жұмыстануға тәрбиелеу.. Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Туған жер»**<br>**Мақсаты:** табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету,Әнді сезіну арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу. | **Экология негіздері**<br>**Тақырыбы:«Қазақстан -ның табиғаты»**<br>**Мақсаты:** балалардың Қазақстанның табиғаты туралы түсініктерін кеңейту, табиғи байлығын сақтау үшін адамдардың мінез-құлық ережелерін түсінуге үйрету; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ІІ апта** | **Ауыл мен қала** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қыдырамыз қалада»**<br>**Мақсаты**: Бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Тепе-теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту. Еңбектеуге және арқан немесе гимнастикалық қабырғада өрмелеуге үйрету; гимнастикалық орындық үстінде жүруді бекіту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қыдырамыз қалада»**<br>**Мақсаты**: Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүруге үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, балалардың бір-біріне көңіл аударуына , ынтымақтаса ойнауына көңіл бөлу.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қыдырамыз қалада»**<br>**Мақсаты**: Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүруге үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, балалардың бір-біріне көңіл аударуына , ынтымақтаса ойнауына көңіл бөлу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қалалар мен ауылдар, өзендер мен далалар, міне менің Отаным»**<br>**Мақсаты**: туған өлке туралы түсінік беруді жалғастыру, сөздік қорларын молайту, байланыстырып сөйлеуге, ойланып айта білуін дамыту, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты көруге үйрету; өз отанына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу;<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Ойын ойнап, ән салмай»**<br>**Мақсаты:** ұжыммен бірігіп жұмыс жасай білуге, шығармашылық қабілеттерін дамыту, мәселені талдап, ортақ шешім қабылдай білуге үйрету, ішкі көңіл-күйін ым-ишара арқылы бере білу дағдыларын қалыптастыру, **Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Путешествие в нашу историю»**<br>**Мақсаты: Учить рассказывать о Родине,о своем городе. Познакомить с историей родного города. Рассказать о том, сколько труда ,пота и крови, радости и страданий выпало на долю их дедушек и бабушек. Воспитывать любовь к родному краю.Пополнить словарный запас детей (город, страна, улица, история)** | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің көше»**<br>**Мақсаты:** 4 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау. 1,2,3,4 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді ары қарай жалғастыру. Үшбұрыш, тіктөртбұрыш сынды геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау. Айналадағы заттардың арасынан геометриялық фигураларды ажырата білуге үйрету, өзіне қатысты тұрғыда заттың орналасуын (солға, оңға) анықтау және сөзбен баяндау.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Мен тұратын қала»**<br>**Мақсаты:** өз мекен-жайы мен тұрғылықты қаласының (ауылының) атын білу. Қаланың сәулетті орындарына саяхат жасау. Өзі тұратын қаланың сәулетті, мәдени орындары туралы түсінік беру; | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Киіз үй»**<br>**Мақсаты:** балаларға киіз үй туралы мағұлмат беру, қалыпты пайдалана отырып, айналдыра сызуға үйрету, суретті аяқтап, толықтыруға дағдыландыру;<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Көп қабатты үйлер»**<br>**Мақсаты:** дайын тіктөртбұрыш пішінге бүктеу арқылы терезелерін қиып орналастыру, жапсыру дағдыларын қалыптастыру,<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу;<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Гүлденіп көркейе бер,Атырауым»**<br>**Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, шығармашылыққа баулу, би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Гүлденіп көркейе бер,Атырауым»**<br>**Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, шығармашылыққа баулу, би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **III апта** | **Тәуелсіз Қазақстан** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай ұландар»**<br>**Мақсаты:** Жатып орындалатын жаттығулармен таныстыру. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Үш метрден он метрге дейін қайталмалы (челночный) жүгіруге жаттықтыру; іші толтырылған допты аттап жүруге жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай ұландар»**<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулардың жаңа түрлерін меңгерту. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Балаларды еңбектеуге және өрмелеуге үйрету<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай ұландар»**<br>**Мақсаты:** гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулардың жаңа түрлерін меңгерту. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Балаларды еңбектеуге және өрмелеуге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Тәуелсіздік төрінде»**<br>**Мақсаты**: балалардың өлең мазмұнымен таныстыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дауысты дыбыстарды анық таза, әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктерін дамыту. Өлеңді өз бетінше айтуға тәрбиелеу;<br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Ағаштар неге ашуланды?» Б.Соқпақбаев<br>Мақсаты: әңгімені таныстыра отырып, ағаштың пайдасы туралы жан-жақты мәлімет беру | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Көрікті қалам»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша және аталған сан бойынша санап үйрету. Сандардың байланысын түсіндіру. (3-4) санмен берілген жұмбақтарды шешу жолдарын үйрету. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету. Кеңістік ұғымын қалыптастыру (алыс,жақын). Шеңбер, шаршы , үшбұрыш сынды геометриялық фигуралар туралы түсінікті бекіту. Логикалық тапсырмаларды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат»**<br>**Мақсаты:** жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу;<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қызыл кітіп»**<br>**Мақсаты:** Кітап туралы білімдерін кеңіту, кітаптың пайдасы туралы айту, түрлі түсті картондарды пайдаланып, кітапша құрастыруға пішінді дұрыс таңдауға үйрету, қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасай білуге үйрету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Бәйтерек»**<br>**Мақсаты:** дәстүрден тыс алақанмен сурет салуға, саусақпен дөңгелек салуға, түрлі түсті бояулармен бояуға, бейнені қағаздың ортасына салуға үйрету. Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Бәйтерек»**<br>**Мақсаты:** Балаларға мүсіндеу әдіс – тәсілдерін меңгерте отырып, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. Мүсінделген бейнеге сипаттама беріп ой – қиялдарын дамыту. Құрылымдық тәсілмен Бәйтерек сомдауды үйрету. Жұмсарту, есу, домалақтау, шымшып созу әдіс – тәсілдерін орындау дағдыларын меңгерту Ұқыптылықпен жұмыстануға тәрбиелеу.. Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қазақстан-кең байтақ елім»**<br>**Мақсаты:** Әнді тыңдап, сезіне білуге,ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру,дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:«Елімнің астанасы»**<br>**Мақсаты**: Қазақстанның астанасы **-** Астана қаласы жайлы білімдерін жетілдіру. Астана туралы әңгімелей отырып білімдерін толықтыру. Астана қаласының көрікті жерлері туралы өз ойларын айтуға үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| IY апта | Қызыл кітап | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қонжықтар мен көжектер»**<br>**Мақсаты:**Орындықта отырып орындалатын жаттығу түрлерін үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Допты қабырғаға лақтырып, ыршыған допты қайта қағып алу біліктерін үйрету<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қонжықтар мен көжектер»**<br>**Мақсаты:**Тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттықтыру. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Кішкентай шығыршықпен орындалатын жаттығуларды үйрету; гимнастикалық қабырғамен өрмелеуге үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қонжықтар мен көжектер»**<br>**Мақсаты:**Тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттықтыру. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Кішкентай шығыршықпен орындалатын жаттығуларды үйрету; гимнастикалық қабырғамен өрмелеуге үйрету | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қызыл кітапқа енген балықтар»**<br>**Мақсаты:** балаларға қызыл кітапқа енген балықтар туралы мағұлмат беру. Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой өрісін, дүниетанымын жетілдіру.<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Сазды сахналық қойылым»**<br>**Мақсаты:**балалардың бойында адамның көңіл-күйін бет пішініне, қимыл-қозғалыстарына, дауыс ырғағына қарай тани білу қабілеттерін дамыту, музыканы тыңдай отырып кейіпкердің бейнесін бере білу, балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жанашырлық қасиеттерін тәрбиелеу;<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Независимый Казахстан»**<br>**Мақсаты: Познакомить детей со словами: город, улица, адрес, республика, столица. Закрепить умение составлять небольшой рассказ: «Мы живем в республике Казахстан. Столица Казахстана – Астана. Я живу в городе Атырау Мой адрес…».** | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы:«Не, қайда мекендейді?»**<br>**Мақсаты:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету. Кеңістік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында,ортасында) туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың геометриялық фигуралар туралы білімін нығайту. Жыл мезгілдері (қыс, көктем, жаз, күз) туралы өткенді пысықтау.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қазақстанның Қызыл кітабы»**<br>**Мақсаты:** табиғаттың: өсімдіктер мен жануарлар әлемінің баға жетпес құндылық екені туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауларын, шығармашылық қиялын дамыту. Эстетикалық тәрбие беру; | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Түлкі»**<br>**Мақсаты:** балаларға қызыл кітапқа енген жануарлар туралы әңгімелеу, өзіне таныс жануардың бейнесін қалыпты пайдаланып бейнелей білуге жаттықтыру, ұсақ бөліктерін салу арқылы суретті аяқтай білуге үйрету, қол моторикасын және шығармашылығын дамыту.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Ағаштар»**<br>**Мақсаты:** балаларға шаршы қағаздарды қиғаш және тең екі бөлікке бүктеуді және дайын болған ағаштың бейнесін қағаз бетіне жапсыруға үйрету. Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу;<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің Отаным»**<br>**Мақсаты:** Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету,музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің Отаным»**<br>**Мақсаты:** Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету,музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. | |

**Ортаңғы топ 2020  жыл қаңтар айы**

**Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»**

**Мақсаты:** Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Шығармашылықтары мен  ойлау, қиялдау сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

-Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;

-Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;

-Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;

-Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

| Апта | Тақыры | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5<br>Драма-0,5 | Таным<br>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | Шығармашылық<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5<br>Музыка-1,5 | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен таныстыру-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| І апта | Дұрыс тамақтану. Дәрумендер | 1.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті дәрумендер»**<br>**Мақсаты:**Балаларға бір заттың астынан өтуді үйрету. Мәнерлігін дамыту. Икемділіктерін дамыту<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті дәрумендер»**<br>**Мақсаты:** Далада орындалатын жаттығу түрлерін үйрету. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Керіліп тартылған жіптердің астынан өтуге жаттықтыру; екі қолмен допты лақтырып, оны қағып алуға үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті дәрумендер»**<br>**Мақсаты:** Далада орындалатын жаттығу түрлерін үйрету. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Керіліп тартылған жіптердің астынан өтуге жаттықтыру; екі қолмен допты лақтырып, оны қағып алуға үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Не дәмді?» ертегісі**<br>**Мақсаты:** ненің дәмді екенін ажыратуға, дәмінің айырмашылығын, пішінін айта білуге үйрету. Асты қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу;<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ақшақар» орыс халық ертегісі**<br>**Мақсаты**: ертегіні зейін қойып тыңдап, сұрақтарға жауап беру арқылы мазмұндай білуге үйрету. Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Таныс ертегілердің аттарын естеріне түсіру. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Дәрумендер әлемі»**<br>**Мақсаты:** Математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету. 5 цифрымен таныстыру. 5 цифрын нүктелер арқылы салу. Заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау (сол жақта, оң жақта, алдында, артында). Жыл мезгілі туралы білімін бекіту (қыс)<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Дәрумендер әлеміне саяхат»**<br>**Мақсаты:** балаларға көкөністердің, жемістердің, сүт тағамдарының дәруменге бай екенін және денсаулыққа пайдасы бар екенін түсіндіру, оларды күнделікті пайдалануда гигиеналық талаптарды қолдануға үйрету;<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Аққала»**<br>**Мақсаты:** қағазды умаждау арқылы қар кесегін және аққаланы жасай білуге, кеңістікте бейнені дұрыс орналастыра білуге үйрету, аққаланың бейнесін жасауда саусақ қимыл-қозғалыстарын дамыту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Жүзім»**<br>**Мақсаты:** балаларға жүзімнің пайдасы туралы түсінік беру, дәстүрден тыс саусақпен сурет салу дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу;<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Жемістер»**<br>**Мақсаты**: пішінді мүсіндеудің басу, қысу, жалпақтау әдістерін пайдалана отырып, балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеуге үйрету, домалақтау арқылы<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Айнала ақша қар»**<br>**Мақсаты:** Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету.Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын арттыру. | **Экология негіздер**<br>**Тақырыбы: «Дәрумендер денсаулық кепілі»**<br>**Мақсаты:** балаларға дәрумендердің денсаулыққа тигізетін пайдасы туралы айту, жемістер мен көкөністердің пайдасын білуге, табиғатты сүюге, аялауға тәрбиелеу; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ІІ апта** | **Ғажайып қыс** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қыс қызықтары»**<br>**Мақсаты:** Таза ауада ойналатын қысқы ойындармен таныстыру. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Шанамен сырғанауға жаттықтыру; қарды жұмарлап лақтыруға жаттықтыру; жүруді жүгірумен алмастыруға үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қыс қызықтары»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шаңғы тебуге үйрету. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Жүгіруді жүрумен алмастыруға үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қыс қызықтары»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шаңғы тебуге үйрету. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Жүгіруді жүрумен алмастыруға үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қыс қызығы» (сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіме құрауға үйретуді жалғастыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Қоян мен түлкі» (конус театры )**<br>**Мақсаты:** ертегі барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету, балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, кейіпкердің іс-әрекеті мен дауыс ырғағын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: ««Правильное питание. Витамины»»**<br>**Мақсаты: Учить детей называть, продукты питания, овощи и фрукты. Учить правильно питаться, соблюдать гигиену рук. Воспитывать культуру поведения за столом. Совершенствовать умение детей связно рассказывать по теме. Развивать интерес детей познавать окружающий мир. Пополнить словарный запас детей (витамины, фрукты, овощи, лимон, апельсин, сок).** | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары»**<br>**Мақсаты:** 5 –ке дейін санау қабілетін арттыру. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету. Түрлі арақашықтықта орналасқан заттарды теңестіруді үйрету. Айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды табуға үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Біздің өлкеге қыс келді»**<br>**Мақсаты:** қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын дамыту. Құрдастарымен және ересектерімен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Туған өлкенің табиғатын қорғауға тәрбиелеу; | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Қыстың портреті»**<br>**Мақсаты**: Табиғаттың қысқы бейнесін суық түстер арқылы бейнелей білуге үйрету; түрлі түсті қарындаштармен ұсақ бейнелерді салуды үйрету. Шығармашылық ой-қиялын, қолдардың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. жыл мезгілінің ерекшеліктерін сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Қыс келбеті-ұлпа қарлар»**<br>**Мақсаты:** балаларға майлықты пайдалана отырып, жырту, умаждау арқылы ұлпа қарларды кеңістікті пайдалана отырып, жапсыруға үйрету;<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қысқы әуен сыңғырлайды»**<br>**Мақсаты:** Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қысқы әуен сыңғырлайды»**<br>**Мақсаты:** Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ІІІ апта | Күн, су, ауа | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің жақсы достарымыз»**<br>**Мақсаты:**Бір орында тұрып, өкшемен бұрылуды үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Сырғанау адымдаумен таныстыру<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің жақсы достарымыз»**<br>**Мақсаты:**Шаңғыны таяғымен біріктіріп, қолтықтарына қысып, оқу іс-әрекеті өтетін жерге тасуды үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Таяқтың ілмектерінің атқаратын қызметімен таныстыру; таяқпен серпіліп сырғанай адымдаумен таныстыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің жақсы достарымыз»**<br>**Мақсаты:**Шаңғыны таяғымен біріктіріп, қолтықтарына қысып, оқу іс-әрекеті өтетін жерге тасуды үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Таяқтың ілмектерінің атқаратын қызметімен таныстыру; таяқпен серпіліп сырғанау адымдаумен таныстыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Күн, су, ауа-біздің жақсы достарымыз»**<br>**Мақсаты:** жер-адамзаттың ортақ үйі деген түсініктерін қалыптастыру. Күн-табиғат сыйы және оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Табиғатқа сүйіспеншілікпен қарау;<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Жеті лақ»**<br>**Мақсаты**: балаларды ертегінің мәнін ықыласымен тыңдауға баулу, оқылған ертегіні дұрыс түсінуге үйрету, кейіпкерлердің мінез-құлықтары туралы білім беру. Адамгершілікке, жақсылық жасауға тәрбиелеу; | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Қыс қызықтары»**<br>**Мақсаты:** 5-ке дейінгі сандарды ретімен санауға, сандық және реттік санауды айыруға, қанша?, нешінші? деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету. Қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру. Заттардан геометриялық фигураларды табуға үйрету. 5 затты ұзындығына қарай сәйкестендіруге, заттарды ұзындығының кемуіне қарай бір қатарға, ұзындығынын артуына қарай бір қатарға орналастыруға үйрету. (басты ереже; әрқашан ең ұзын, ең қысқа заттан бастау керек<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Су-өмір нәрі»**<br>**Мақсаты:** табиғат сыйы күн, су, ауа туралы білімдерін бекіту. Олардың қасиеттері мен ерекшеліктері туралы айту. Оларды бағалауға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Еркін тақырыпта құрастыру»**<br>**Мақсаты:** балаларды еркін тақырыпта түрлі құрылыс материалдарынан құрастыруға дағдыландыру. Ой-өрісін, қызығушылығын дамыту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Терезедегі өрнектер»**<br>**Мақсаты:** бақылау негізінде суретін салу дағдыларын қалыптастыру, суреттерді бояу, қаламмен тек қана бір бағытта-жоғарыдан төмен қарай контур шегінен шығармай бояу қажеттігін ұғындыру. Табиғат құбылыстарын қылқалам арқылы тұжырымдауға үйрету;<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Күннің шуағы»**<br>**Мақсаты:** балаларды ермексазды жұмсарту, созу, домалақтау тәсілдерін қолдана отырып, күннің шуағын мүсіндеуге үйрету және қатырма қағазға бедерлеу тәсілін орындау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Орманда серуендейміз»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық динамикалық есту қабілеттерін дамыту. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Күн-барлық тіршіліктің көзі»**<br>**Мақсаты**: балаларға адам денсаулығына ауаның, судың және күннің тигізетін маңызын айтып түсіндіру. Су-бұл табиғаттың баға жетпес құндылығы екенін және өсімдіктердің өсуі үшін күн, ауа, су қажет екенін түсіндіру. Ауаны, суды қорғауға тәрбиелеу; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| IY апта | Үйде жалғыз қалғанда | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Қатерлерден сақтанайық!»**<br>**Мақсаты:** Таяқпен серпіле сырғанауды бірнеше рет қайталау. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Беткейге сатылап көтерілу және беткейден түсу жолымен таныстыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қатерлерден сақтанайық!»**<br>**Мақсаты:** Таяқпен адымдап сырғанауды қайталау; бір қатар сапқа тұруға жаттықтыру. Ойын ережелерін білу және нақты орындауға дағдыландыру. Аяқты қайшылап секіруге жаттықтыру<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қатерлерден сақтанайық!»**<br>**Мақсаты:** Таяқпен адымдап сырғанауды қайталау; бір қатар сапқа тұруға жаттықтыру. Ойын ережелерін білу және нақты орындауға дағдыландыру. Аяқты қайшылап секіруге жаттықтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Үйде жалғыз қалғанда» (әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:**балаларды өз ойларынан әңгіме құрай білуге дағдыландыру, өз ойын құрдастардың ортасында еркін жеткізе білу және олардың ойын тыңдай білуге үйрету;<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Біздің көңіл-күйіміз»**<br>**Мақсаты**: көңіл-күй туралы түсініктерін бекіту. Өзінің, басқа адамдардың көңіл-күйін түсіну қабілеттерін, мәнерлі сөйлеу, ым-ишара арқылы көңіл-күйін бере білу дағдыларын дамыту. Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдениетті мінез-құлық дағдыларына тәрбиелеу;<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Солнце ,воздух и вода»**<br>**Мақсаты: «Солнце,воздух и вода наши лучшие друзья» под таким лозунгом воспитывать в детях вести здоровый образ жизни.Заниматься спортом: бегать, купаться, делать по утрам зарядки. Посещать спортивные кружки. Пополнить словарный запас ( бег, спорт, купаться, мяч, брусья)** | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Әдепті бала»**<br>**Мақсаты:** Заттың санын салыстыруға үйрету. Заттың көлеміне санның тәуелсіздігін түсіндіре білуге үйрету. 5 саны көлемінде реттік санау дағдысын қалыптастыру. Сандық және реттік санауды айыру. Қанша? Нешінші? сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету. Математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Өмір қауіпсіздігі»**<br>**Мақсаты:**өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауды,қауіпті жағдай туғызуы мүмкін заттар мен құбылыстар туралы түсінік беру.Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтауды,қауіпті жағдайға кез бола қалған жағдайда өзін ұстай білуге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Еркін тақырыпта сурет салу»**<br>**Мақсаты:**Балаларға бақылап көргенін суретте көрсете білуге үйрету. Бояумен, қарындашпен сурет салу тәсілдерін бекіту, талдау жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Теледидар»**<br>**Мақсаты:** төртбұрыш пішінді кеңістікті бағдарлай отырып, жапсыруға, ұсақ бөлшектермен толықтыруға дағдыландыру; ұқыптылыққа үйрету;<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Көңілді достар»**<br>**Мақсаты:** Қуыршақ кейіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап,сипатын ажыратуға үйрету<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Көңілді достар»**<br>**Мақсаты:** Қуыршақ кейіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру,шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап,сипатын ажыратуға үйрету | |

**Ортаңғы топ 2020 жыл ақпан айы**

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**

**Мақсаты:** Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде экологиялық білімдерін жетілдіру. Шығармашылық ойлау мәдениетін дамыту. Балалардың өзіндік шығармашылық қызметтерін іске асыру. Жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

**Міндеттері:**

-Өз денсаулығына саналы қарауға үйрету, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіру;

-Белсенді сөздіктерін дамыту, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру, балалар әдебиетіне деген қызығушылықты дамыту;

-Тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеу, танымдық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;

-Шығармашылық ойлау, әсерлі қиялдау дағдыларын қалыптастыру.

| Апта | Тақырып | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5<br>Драма-0,5 | Таным<br>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | Шығармашылық<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5<br>Музыка-1,5 | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен таныстыру-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I апта** | **Ұшады, жүзеді, жүреді. Жол ережелері.** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ұшақтар»**<br>**Мақсаты:** Бір қатар сапқа тұруға үйрету. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Шаңғымен нық адымдап жүруді үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ұшақтар»**<br>**Мақсаты:** Оңға және солға адымдап жүрумен таныстыру; сырғанап адымдауды қайталау. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Бір орында тұрып аяқты ауыстырып басып бұрылуды қайталау.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ұшақтар»**<br>**Мақсаты:** Оңға және солға адымдап жүрумен таныстыру; сырғанап адымдауды қайталау. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Бір орында тұрып аяқты ауыстырып басып бұрылуды қайталау. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Буратинаға көшеде жүру тәртібін үйретеміз»**<br>**Мақсаты:** жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгімелеу кезінде кездескен «Ж», «З» дыбыстарын айту. Өз тәжірбиесінен әңгіме құрап айту, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу;<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ойдан шыққан әңгіме» (жедел жәрдем, өрт сөндіру)**<br>**Мақсаты:** балаларды өз шығармашылықтарынан әңгіме құрастыруға, үйрету, арнайы көліктер туралы мағлұмат беру, 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді байланыстырып айтуға дағдыландыру; | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы**: **«Тоқта, сақтан, жол ашық»**<br>**Мақсаты:** Заттың санын салыстыруға үйрету. Заттың көлеміне санның тәуелсіздігін түсіндіре білуге үйрету. 5 саны көлемінде реттік санау дағдысын қалыптастыру. Сандық және реттік санауды айыру. Қанша? Нешінші? сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету. Заттарды еніне қарай салыстыруға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табуға және сол белгілер бойынша топтастыруға үйрету. Оқиғаның ретін атап көрсетуге (тәулік бөліктері) арналған логикалық есептерді шешу жолдарын үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ұшады, жүреді, жүзеді» дид.ойын**<br>**Мақсаты:** ойын арқылы балалардың көліктер туралы білімдерін жетілдіру, көліктерді бір-бірінен ажырата білуге үйрету, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жүк машинасы»**<br>**Мақсаты**: көлік және оның түрлері туралы түсініктерін бекіту, құрылыс материалдарын пайдалана, жүк машинасын құрастыра білуге үйрету; | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Ұшақтар самғайды»**<br>**Мақсаты:** ұшқыш мамандығы туралы нақты түсінік бере отырып,ұшақ суретін субояқ арқылы сала білуін және көлеміндегі айырмашылықтарды ажырата отырып, бейнелей білуін дамыту,қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін арттыру<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Ұшақ»**<br>**Мақсаты:** балаларға ұшақтар туралы әңгімелеу, ермексазды есу, шымшу, қосу мүсіндеу дағдыларын қалыптастыра отырып, үйрету,тазалыққа тәрбиелеу;<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Мен адаммын»**<br>**Мақсаты:** Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл -қозғалысын келтіре білуге үйрету. | **Экология негіздері**<br>**Тақырыбы: «Жолда жүру ережесі»**<br>**Мақсаты:** Балаларды іс-әрекет нормаларымен және ережелерімен таныстыру. Жол жиегіндегі жолмен (тротуармен) балалар ата-аналар көмегімен өту қажеттігін, жаяу адамның көлікті аялдамада күтетіндігін, көлік ішінде ешкімге кедергі жасамай тәртіп сақтау керектігін түсіндіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| II апта | Арнайы көліктер | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көмекші көліктер»**<br>**Мақсаты**: Таза ауада ойналатын қысқы ойындармен таныстыру. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Ойын ережесімен таныстыру және оларды жаттықтыру; жүру түрлерін жаттықтыру<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көмекші көліктер»**<br>**Мақсаты**: Алға домалауды үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Допты лақтыруды және қағып алуды бірнеше рет қайталау; бір орында тұрып биіктікке секіруге жаттықтыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көмекші көліктер»**<br>**Мақсаты**: Алға домалауды үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Допты лақтыруды және қағып алуды бірнеше рет қайталау; бір орында тұрып биіктікке секіруге жаттықтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Бұл қандай көліктер?» дид.ойын**<br>**Мақсаты:** балаларға арнайы көліктер туралы мағлұматтар беру; әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру, көлікте жұмыс жасайтын адамдарға сыйластықпен қатынас жасауға тәрбиелеу;<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақты сөйлеуге үйретеміз»**<br>**Мақсаты**: дұрыс сөйлеуді үйрету, тілдеге дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, тапсырмаларды орындай отырып, сезім ырғағы мен қимыл-қозғалыс үйлесімділігін сақтау қалыптастыру, достық қарым-қатынасқа және өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу;<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Едет, плывет, летит. Транспорт»**<br>**Мақсаты:** Учить называть транспорт и части автомобиля на русском языке, Уметь группировать транспорт по назначению (**пассажирский, грузовой, специальный**) , по способам передвижения (**воздушный,водный, наземный).** | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Арнайы көліктер»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша санауға және дәл сондай заттар санын атай білуге үйрету. Екі топтағы заттарды салыстыру. Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Кеше, бүгін, ертең түсініктерін айыра білуге және осы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Шеңбер, сопақша, тіктөртбұрыш, шаршы сияқты геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау. Шар, текше, цилиндр сияқты геометриялық фигуралармен таныстыру. Оқулықтағы тапсырманы түсініп, оны өз бетінше орындауға машықтандыру. Өзін-өзі бақылау және өз-өзін бағалауға дағдыландыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Арнайы көліктер»**<br>**Мақсаты:** балалардың арнайы көліктер туралы түсініктерін нығайту, олардың өмірдегі пайдалары туралы әңгімелеуге ұмтылдыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Өрт сөндіруші машина»**<br>**Мақсаты:**Балаларға бақылап көргенін суретте көрсете білуге үйрету. Бояумен, қарындашпен сурет салу тәсілдерін бекіту, талдау жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Бағдаршам»**<br>**Мақсаты:** бағдаршам туралы түсініктерін бекіту,бағдаршамды бейнелеуді үйрету. Шаршы пішінді бөлшектерден дөңгелекті ойып кесу машығын, қағаз парағында бағдарлауды дамыту. Бағдаршам түстерінен мәнін бекіту. Жолдастарына көмектесуге тәрбиелеу.<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Бағдаршам»**<br>**Мақсаты:** Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Бағдаршам»**<br>**Мақсаты:** Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| III апта | Электроника әлемі. Байланыс құралдары | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Телефон»**<br>**Мақсаты:** Алға домалауды үйренуді қайталау. Шапшаңдық пен ептіліктерін дамыту. Жүгіріп өту мен ұзын секіртпемен секіруді жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Телефон»**<br>**Мақсаты:** Балаларға дұрыс тыныс алу туралы әңгімелеу. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Таңертеңгі гимнастика кешенін орындау білігін тексеру; артқа және алға домалауды қайталау.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Телефон»**<br>**Мақсаты:** Балаларға дұрыс тыныс алу туралы әңгімелеу. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту. Таңертеңгі гимнастика кешенін орындау білігін тексеру; артқа және алға домалауды қайталау. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Үйдегі көмекшілер» (тоңазытқыш, шаңсорғыш)**<br>**Мақсаты:** тұрмыстық заттар туралы білімдерін кеңейту. «С,Ш» дыбыстарын дұрыс айта білуге үйрету. Сөздік қорын байыту. Өз еріктерімен тұрмыстық заттар туралы сипаттап әңгімелеуді жалғастыру;<br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Бір уыс мақта»<br>Мақсаты: балалардың әңгімені сөздерді мәнеріне келтіріп айта білуге дағдыландыру. Тазалыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Электроника дүкені»**<br>**Мақсаты:** Реттік санауды (5-ке дейінгі сандар) ары қарай жалғастыру, сандық және реттік санауды айыру, Қанша? Нешінші? сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету. Цифрды сандық карточкамен және заттың санымен салыстыруға үйрету. Шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш, сопақша сияқты геометриялық фигуралар туралы білімдерін пысықтау.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Тұрмыстық заттар»**<br>**Мақсаты:**тұрмыстық заттар туралы білімдерін кеңейту. Қандай материалдан жасалғандығы, күнделікті тұрмыста пайдалануы, қажеттілігі туралы айтып беру, тұрмыстық заттарды жасаған адамдар еңбектері туралы, оларға құрметпен қарауға баулу<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жиһаз»**<br>**Мақсаты**: жиһаз құрастыруда құрылыс материалдарынан пішіндер мен түстеріне сәйкес дұрыс таңдап, пайдалана білуге үйрету, жиһаздарды ұқыпты ұстай білуге тәрбиелеу; | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Шаңсорғыш»**<br>**Мақсаты:** балаларды заттық сурет сала білуге үйретуді жалғастыру,түрлі түсті қарындаш арқылы заттың бейнесін бере білуге баулу, Үлгі бойынша және түсті елестету бойынша, олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып, сурет салу дағдыларын қалыптастыру<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Теледидар»**<br>**Мақсаты:** электро және байланыс құралдары туралы білімдерін нығйту, теледидарды мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып жасауға үйрету.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ғарыш әлеміне саяхат»**<br>**Мақсаты:** Музыкаға қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Ақпарат құралдары»**<br>**Мақсаты:** теледидар, радио, телефон, компьютердің ақпараттық құралдар түріне жататындығы туралы түсіндіру. Қарапайым ақпарат көздерін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ересектермен әңгімелесуге, телехабарлараға, компьютерлік ақпараттар және оның мазмұнына қызығушылығын қалыптастыру; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ІҮ апта** | **Заттардың қасиеті** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Не қалай жасалған?»**<br>**Мақсаты:** Өз жүрісін қадағалау тәсілдерін қайталау. Алға қарай домалауды қайталау. Қысқа секіртпе арқылы секірулерді қайталау.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Не қалай жасалған?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту. Сенімді қатынастарды нығайтуға бағыттау. Көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту. Баланың спортқа ұмтылысын, қызығушылығын қолдау.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Не қалай жасалған?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту. Сенімді қатынастарды нығайтуға бағыттау. Көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту. Баланың спортқа ұмтылысын, қызығушылығын қолдау. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар дүкені»**<br>**Мақсаты:** Сызба нұсқасы бойынша бейнелі әңгіме құрастыра білуге, жасалуы бірдей заттарды топтастыруға, сөйлеу барысында: ағаштан, шыныдан, пластмассадан деген сөздерді қолдана алуға үйретуді жалғастыру. материалды ескере отырып, заттар мен нысандарды іріктеу;<br>**Драма**<br>**Тақырыбы: «Қолғап театры»**<br>**Мақсаты:** қолғап театрының түрлерімен таныстыру, ертегі қойылымы арқылы сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту, сахналау барысында кейіпкердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, түрлі эмоцияларын білдіру;<br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Мир электроники и связи»**<br>**Мақсаты:** Дать представление об электрических приборах, о значении этих приборов в жизни человека. Развивать навыки связной речи. Пополнить словарный запас детей ( **сотовый телефон,микроволновая печь, стиральная машина, посудомоечная машина, телевизор)**. Рассказать детям о пользе и вреде этих приборов. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: «Ойнайық та ойлайық»**<br>**Мақсаты:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету. Қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету(сол жағында, оң жағында). Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Жыл мезгілдерін айыра білу және атап көрсету қабілетін нығайту..<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**<br>**Мақсаты**:Өзіне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп (түсі, көлемі, материалы, жасалуына қарай алуан түрлі болатынын), әңгімелеп айтып беруге үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған әдемі көйлекті безендіреміз»**<br>**Мақсаты:**Балалардың киім туралы түсініктерін бекіту. Түрлі түсті субояқ арқылы көйлекті әшекейлеу, Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Бұршақты көйлек»**<br>**Мақсаты:**. Көйлектің бөліктерін көрсету. Түрлі-түсті дөңгелектер арқылы қуыршаққа арналған көйлекті безендіру. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Қайшымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасын сақтауды үйретуді жалғастыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біздің аспаптар»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдау, сезіну, сипатын ажырату, динамикасын білу, аспаптардың дауысын ажыратуды білу.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біздің аспаптар»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдау, сезіну, сипатын ажырату, динамикасын білу, аспаптардың дауысын ажыратуды білу. | |

**Ортаңғы топ 2020 жыл наурыз айы**

**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**

**Мақсаты:** жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып**,** мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

**Міндеттері:**

-Балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда ата-аналарға қолдау көрсету, түрлі спорттық шараларға тарту;

-Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып, балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;

-Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу;

-Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.

| Апта | Тақырып | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5<br>Драма-0,5 | Таным<br>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | Шығармашылық<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5<br>Музыка-1,5 | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен таныстыру-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|---|
